

«Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «№4 Атырау қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы түсіндіру, талқылау хаттамасы №4

Атырау қаласы.

27 ақпан 2026 жыл

Өткізілген орны: №4 Атырау қалалық емханасының негізгі ғимаратының мәжіліс залы;

Қатысқандар:

1. №4 Атырау қалалық емханасының директоры Бауыржан Дүйсебайұлы Төлеген, компланс-офицері Куат Махмутжанович Жуманалиев;
2. №4 Атырау қалалық емханасының әкімшілік бөлімі;
3. №4 Атырау қалалық емханасының дәрігерлері;
4. №4 Атырау қалалық емханасының орта және кіші буында медицина қызметкерлері;

Күн тәртібінде: Емханадағы учаскелік дәрігердің 031-у нысанын бұрмалау, жалған рәсімдеу арқылы қызмет алушыларға қатысты мүгедектік рәсімделуі фактісі анықталуы бойынша;


Алғашқы сөз алған №4 Атырау қалалық емханасының директоры Б.Д.Төлеген: 2025 жылдың аяғында емханамыздың учаскелік дәрігерінің тарапынан, қызмет алушыға қатысты Кардиолог пен Нефрологтын қорытындыларын және стационардан шығарылған қорытындыны пдф форматты арнайы програмаларды пайдаланып қолдан жалған жасап, 031-у нысанын толтырып, мүгедектікке тапсыру фактісі анықталды, осы заңсыз әрекеттеріне құқықтық баға беру үшін, тиісті құқық қорғау органдарына дәлелдемелер жинақталып жолданды. Бұл факті бойынша Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 385-бабы бойынша қылмыстық іс қозғалып, сотқа дейінгі тергеп-тексеру жұмыстары жүргізіліп жатырғанын жеткізді. Кез-келген заңсыз әрекет үшін, заңмен жауапкершілік қарастырылғанын айқындап, медицина қызметіне адал болуға шақырды.

Комплаенс-офицері К.М.Жуманалиев тыңдалды: емханамызда медицина қызметкерлерінің тарапынан заңсыз әрекеттер жасап жүрген тұлғалар бойынша жасырын түрде емханамыздың комплаенс офицеріне хабарлауға болатындығын және құпиялылық сақталатындығы жөнінде ескертілді.

Қаулы:


1. Әр тоқсан сайынғы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тақырыбында талқылау, түсіндіру жұмыстары ұжым алдында жүргізілсін.

Директоры



Б.Д.Төлеген

Хатшы



К.М.Жуманалиев